

ӘОЖ 331.56

## ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ФИЛЛИПС ҚИСЫҒЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Сапиолдаева Балым Қайратқызы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан


[balim.kairatova@gmail.com](mailto:balim.kairatova@gmail.com)

Ғылыми жетекші: э.ғ.к., доцент Молдашов Н.О.

Инфляция және жұмыссыздық - макроэкономикалық тұрақсыздықтың екі негізгі факторы. Осыған байланысты негізгі теориялық және практикалық қызығушылық инфляция мен жұмыссыздықтың өзара байланысының көрінісі болып табылады. Инфляция мен жұмыссыздықты байланыстыратын экономикалық теориядағы танымал модель 1861-1957 жылдары Англия экономикасы туралы мәліметтерге негізделген Филлипс қисығы. Филлипс қисығы – бұл 1957 жылы ағылшын экономисті Уильям Филлипс ұсынған инфляция қарқыны мен жұмыссыздық деңгейі арасындағы кері байланысты көрсететін графикалық кескін. Яғни жұмыссыздық неғұрлым жоғары болса, инфляция соғұрлым төмен болады және керісінше. Филлипс қисығы ұзақ мерзімде және қысқа мерзімде қарастырылады.

Бірақ бір жағдайды ескерген жөн: бұл модель шамамен бір ғасыр бұрын кейнсиандық тұжырымдамаға сәйкес құрылған және оның қазіргі экономикаға сәйкестігіне ешкім кепілдік бермейді. Филлипс қисығы бағаның өсуін тек сұраныс инфляциясымен байланыстырады, ал шығындардың инфляциясы мен алмастыру әсерін қарастырмады. Кейіннен бұл теория әртүрлі елдердің тәжірибесімен және кейінгі ғылыми зерттеулерден («Лукас сыны») кейін күмән тудыра бастады.

1970 жылдар экономикада «ұлы инфляция немесе ұлы стагфляция» кезеңі деп аталады. 1958 жылы Уильям Филлипстің «Филлипс қисығы» мақаласы жарияланғаннан кейін, барлығы таңдау жасай бастады, не төмен жұмыс деңгейі немесе төмен инфляция деңгейі. Әрине мемлекет үшін әлеуметтік жағынан төмен жұмыссыздық деңгейі тиімді болды. Сондықтан АҚШ президенті Ричард Никсон филлипс қисығын экономикада қолдануға шешім қабылдайды, сондай-ақ Ұлыбритания, Жапония сияқты тағы басқа елдерде бұл саясатты қолданады.



Олар инфляция деңгейін көтеру үшін ақша айналымына артық ақша массасын енгізеді. Нәтижесінде инфляция деңгейі жоғары көтеріледі, бірақ жұмыссыздық деңгейі өзгеріссіз қалады. 1950-1960 жылдары АҚШ экономикасында инфляция мен жұмыссыздық арасында кері байланыс байқалса, 1970 жылдары Филлипс қисығын практикада пайдаланғаннан кейін ол байланыс жоғалып кетеді. Бұл жағдайды 1968 жылғы «Фридман-Фелпс гипотезасы» табиғи жұмыссыздық деңгейімен түсіндіріп берді. Табиғи жұмыссыздық деңгейі фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздықпен сипатталады. Олар 5-6% жұмыссыздық деңгейі міндетті түрде болады санады. Бұл гипотеза жоғарыда айтылған жұмыссыздық деңгейін сұранысты реттеу арқылы жұмыссыздықты минималды деңгейге дейін төмендетуге болады деген кейнсиандық теорияны жоққа шығарды және Филлипс қисығының ұзақ мерзімде жұмыс жасамайтынын дәлелдеді.

1976 жылы жарияланған Роберт Лукастың мақаласында былай делінген: «Мысалы, Филлипс қисығы жағдайында көргеніміздей, баға мен жұмыссыздық арасындағы статистикалық маңызды байланысты табуға болады. Алайда, бұл өзара байланыс экономикалық агенттер инфляцияның нөлдік деңгейіне бағдарланғанға дейін ғана сақталады. Мемлекет жұмыссыздықпен күресуге бағытталған экономикалық саясатты жүргізуге тырысқаннан кейін, инфляцияның пайда болуына (және тіпті жеделдетілуіне) мүмкіндік бере отырып, экономикалық агенттер ойын ережелерінің өзгеруіне байланысты әрекеттерін өзгертеді. Нәтижесінде уақыт өте келе Филлипс қисығы барған сайын тік болады [2]. Осылайша, осы көрсеткіштер арасындағы қатынастардың болуы немесе болмауы даулы мәселе болып табылады. Көптеген зерттеулер жұмыссыздық пен инфляция арасындағы байланысты жоққа шығарады. Ал енді филлипс қисығын Қазақстан экономикасы жағдайында қарастырып көрейік.

1991-1995 жылдар аралығында Қазақстан экономикасында құлдырау болды. Елімізде өндіріс көлемі қысқарып, халықтың кірісі күрт төмендеді, инфляция деңгейі шарықтап, жаппай жұмыссыздық орын алды. 1992 жылғы бағаны босату(либерализация) 2960% гиперинфляцияға әкелді. 1993 жылғы 15 қарашада тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Ұлттық валютамыз - теңге енгізілді. Осыдан кейін ғана Қазақстанда өз ақша-несие саясатын жүргізу мүмкіндігі пайда болды. Теңге енгізілген сәттен бастап еліміздің ұлттық банкі меншікті бағалы қағаздарды - қысқа мерзімді ноталарды шығара бастады, "овернайт" кредиттерін бере бастады, ашық нарықта мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізе бастады. 1994 жылы елде өндіріс көлемінің айтарлықтай төмендеуі бюджеттің үлкен тапшылығын тудырды. Осы кезеңде ақша-несие саясаты негізінен инфляцияны төмендетуге бағытталды. Ұлттық банк ақша массасын қысқарту арқылы инфляцияны тежеуге тырысты. Нәтижесінде инфляция деңгейі 1994 жылғы 1158 %-дан 1995 жылы 60%-ға дейін төмендеді. 1995 жылы елімізде экономикалық құлдырау қарқыны баяулап, гиперинфляция тежелді. Жүргізілген ақша-несие саясатының тиімділігі 1998 жылы инфляцияның ең төменгі деңгейге 1,9% - ға дейін төмендеуімен расталды. 1999 жылы ақша

массасына бақылаудың әлсіреуі инфляцияның 17,8%-ға өсуіне әкелді. 2000 жылдан бастап Қазақстан экономикасы үшін қолайлы уақыт басталды. Мұнайдың жоғары бағасы ЖІӨ-нің өсу қарқынына әсер етті. 2007 жылға дейін инфляцияны салыстырмалы түрде төмен деңгейде ұстап тұру мүмкін болды. 2007 жылы 2006 жылға қарағанда елдегі баға азық - түлік тауарларына 26,6%-ға, азық - түліктік емес тауарларға 10,5%-ға, ақылы қызметтерге 15,4%-ға өсіп, инфляция деңгейі 18,8%-ға жетті. Ал 2015 жылғы ұлттық валютаның құнсыздануы тамызда Ұлттық банк теңгенің еркін бағамын енгізу туралы жариялағаннан кейін орын алды.[3] Соңғы 2021 жылы азық-түлік бағанының шарықтап кеткені бәрімізге мәлім. Бұл жалақы көтерілгенге байланысты ма деген сұрақ туындауы мүмкін. Алайда қазіргі инфляцияның ең төменгі жалақыны көтерумен байланысы жоқ. Бірақ дәл қазіргі қымбатшылықтың негізгі салдары мүлде басқа факторлармен байланысты. Бірінші кезекте оған себеп – ақша массасының ұлғаюы. Ұлттық қордан ақша бөлінді және ұлттық банк ақша басып шығарды. Ұлттық банктің статистикасында былтыр ақша массасы 4 трлн 180 млрд теңге көлемінде ақша болған. Қазір оның мөлшері 8 трлн теңгеден де көп. Демек, бір жылдың ішінде 4 трлн теңге айналымға артық шығарылған. Экономикалағы белгілі бір заңдылыққа сүйінетін болсақ, өндіріліп жатқан тауарлар мен айналымдағы ақша массасы екеуінің арасында теңгерімдік болу керек. Егер ақша массасы ұлғайса, онда тауарлар да жеткілікті түрде өндірілуі керек. Сол кезде бізде инфляция жоғары болмайды. Ал тауар көлемі аз болып, ақша массасы ұлғайып жатса, осының салдарынан тауар бағасы қымбаттайды. Қазіргі таңдағы қымбатшылықтың негізгі себебі осы деуге болады [4].


Жұмыссыздыққа келетін болсақ, соңғы 30 жылда жалпы еліміздегі бұл мәселенің шешіліп келе жатқанын байқауға болады. Төмендегі 1-кестеде тәуелсіздік алған кезімізден бастап соңғы 30 жылдағы инфляция мен жұмыссыздық көрсеткіштері берілген.

Кесте 1 - 1991-2021 жылдар аралығындағы инфляция мен жұмыссыздық деңгейінің көрсеткіштері (пайызбен %)

Жылдар	Инфляция деңгейі	Жұмыссыздық деңгейі
1991	147,1	-
1992	2960,8	-
1993	2165	-
1994	1158,3	7,5
1995	60,3	11
1996	28,7	13
1997	11,2	13
1998	1,9	13,1
1999	17,8	13,5
2000	9,8	12,8
2001	6,4	10,4
2002	6,6	9,3
2003	6,8	8,8
2004	6,7	8,4
2005	7,5	8,1
2006	8,4	7,8
2007	18,8	7,3
2008	9,5	6,6
2009	6,2	6,6
2010	7,8	5,8
2011	7,4	5,4
2012	6	5,4
2013	4,8	5,3
2014	7,4	5

2015	13,6	5
2016	8,5	5
2017	7,1	4,9
2018	5,3	4,9
2019	5,4	4,8
2020	7,5	4,8
2021	8,4	4,9

Жоғарыда көрсетілген екі шаманың арасындағы байланысты анықтау үшін біз Пирсонның корреляция коэффициентін қолданамыз. Корреляция коэффициенті екі сандық кездейсоқ шамалар арасындағы байланысты (немесе корреляцияны) зерттеу үшін қолданылады. Коэффициент мәні -1 мен 1 аралығында анықталады. Егер мән 0-ден кіші болса, кері байланысты, ал 0-ден үлкен болса оң байланысты көрсетеді. Алдымен корреляцияны ұзақ мерзімді филлипс қисығында қарастырып көрейік. Ол үшін біз 1-кестеде көрсетілген 1995-2021 жылғы мәліметтерді пайдаланамыз. Себебі 1991-1994 жылдар ел экономикасының құлдырауымен, гиперинфляциямен сипатталады.



Суретте 1995-2021 жылдардағы Қазақстандағы инфляция (көлденең ось) мен жұмыссыздықтың (тік ось) арақатынасы пайызбен көрсетілген.

Екі шама арасындағы корреляция коэффициентінің мәні 0,36-ға тең. Егер Филлипс қисығына тән үлгі әрекет етсе, корреляция коэффициенті модульден үлкен теріс мәнге ие болуы керек еді. Бұл шама инфляция арасындағы өте төмен, әлсіз байланыс қана бар екенін көрсетеді. Алынған шаманың статистикалық маңыздылығын бағалау үшін Стьюденттің t-критерийі және Фишердің F- критерийі қолданылды. Ұзақ мерзімді кезеңдегі корреляция коэффициенті үшін Стьюденттің t-критерийі және Фишердің F- критерийінің нақты мәндері кестелік мәндерінен кіші болды, яғни алынған шаманың статистикалық маңызы жоқ (4-кесте). Демек, ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан экономикасындағы инфляция мен жұмыссыздық көрсеткіштері тәуелсіз.

Кесте 2 - 2016-2019 жылдардағы айлар бойынша инфляция мен жұмыссыздық көрсеткіші

Айлар	2016		2017		2018		2019	
	И	Ж	И	Ж	И	Ж	И	Ж
Қаңтар	1,3	5,1	0,8	4,9	0,6	4,9	0,5	4,8
Ақпан	1,1	5,1	1	4,9	0,7	4,9	0,3	4,8
Наурыз	0,5	5	0,5	4,9	0,5	4,9	0,5	4,8
Сәуір	0,6	5	0,5	4,9	0,4	4,9	0,5	4,8

Мамыр	0,5	5	0,5	4,9	0,2	4,9	0,6	4,8
Маусым	0,4	5	0,4	4,9	0,2	4,9	0,2	4,8
Шілде	0,5	4,9	0,1	4,9	0,1	4,8	0,2	4,8
Тамыз	0,2	4,9	0,1	4,9	0,2	4,8	0,2	4,8
Қыркүйек	0,2	4,9	0,3	4,9	0,4	4,8	0,3	4,8
Қазан	0,6	4,9	1,2	4,9	0,4	4,8	0,6	4,8
Қараша	1,2	4,9	0,9	4,9	0,9	4,8	0,7	4,8
Желтоқсан	0,9	4,9	0,7	4,9	0,7	4,8	0,7	4,8

Кесте 3 - Ұзақ және қысқа мерзімдегі кезеңдердегі корреляциялық байланыс

	1995-2021	2016	2017	2018	2019
Корреляция коэффициенті	0,361	0,459	-1,12E-16	-0,0353	-2,5E-16
Байланыс	әлсіз	әлсіз	жоқ	өте әлсіз	өте әлсіз

Кесте 4 - Ұзақ және қысқа мерзімдегі кезеңдердегі корреляциялық көрсеткіштердің статистикалық маңызы (Стьюденттің t-критерийі және Фишердің F-критерийі бойынша)

	1995-2021	2016	2017	2018	2019
Регрессия коэффициентінің а статистикалық маңызы (Стьюденттің t-критерийі бойынша)	маңызы жоқ	маңызы жоқ	маңызы жоқ	маңызы жоқ	маңызы жоқ
Регрессия моделінің маңыздылығы (Фишердің F-критерийі бойынша)	маңызы жоқ	маңызы жоқ	маңызы жоқ	маңызы жоқ	маңызы жоқ

Қысқа мерзімдегі Филлипс қисығын қарастыру үшін 2-кестеде көрсетілген 2016-2019 жылдар аралығындағы жұмыссыздық пен инфляцияның өзгеруінің ай сайынғы деректері қарастырылды. 3-кестедегі деректерден байланыстың өте төмен тіпті жоқ екенін байқауға болады. Қысқа мерзімді кезеңдер үшін де Стьюденттің t-критерийі және Фишердің F-критерийінің нақты мәндері кестелік мәндерінен кіші болды, яғни алынған шамалардың статистикалық маңызы жоқ (4-кесте). Айта кететін жайт, 2016-2019 жылдардағы корреляция коэффициенттері оң болды, бұл стагфляция жағдайына сәйкес келеді. Бұл кезеңде де Филлипс қисығы байқалмады. Басқаша айтқанда, біздің еліміз 2016-2019 жылдары жұмыссыздықты төмендету үшін инфляцияның өсу және керісінше төмендету әдісін пайдаланбаған.

Қазақстанның соңғы 30 жылғы мәліметтерін салыстыра отырып оның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кезеңдерде де, қарама-қарсы экономикалық жағдайларда да инфляция мен жұмыссыздық арасындағы тығыз кері байланыстың байқалмағанын атап өткен жөн. Филлипс теориясы эмпирикалық түрде расталды, бірақ уақыт сынағына төтеп бере алмады. Бұл экономиканың өзгеруіне, экономикалық қатынастарда жаңа элементтердің пайда болуына, жаңа заңдылықтардың зерттелуіне және ашылуына байланысты. Атап айтқанда инфляцияға жұмыссыздықтың айтарлықтай әсерінің болмауы, бәздің ойымызша келесі факторларға байланысты:

- Біріншіден, инфляция бүгінгі таңда өте сезімтал болуы, саяси жағдайларға байланысты болып отыр. Оны біздер ең соңғы оқиға Ресей мен Украина арасындағы әскери шиеленіске байланысты Қазақстан Республикасының теңгесінің АҚШ бір долларына шаққандағы бағасының 330 теңгеден 505 теңгеге дейін бірден шарықтап кеткенінен байқауға болады;

- Екіншіден, ҚР экономикасының ашықтығымен түсіндіруге болады. Біздің мемлекетіміз ашық экономика саясатын жүргізе отырып, шет елдің дайын тауарларына тәуелді болып қалды. Әсіресе, Экономикалық Одаққа мүше мелекеттердің, соның ішінде Ресей мен Беларусьияның дайын тауарларына тәуелді болып отырмыз. Қазақстандағы тұтыну тауарларының импорты азық-түліктен (үлесі – 28%) және азық-түлікке жатпайтын (үлесі – 72%) тауарлардан тұрады. 2021 жылдың негізгі импортталған азық-түлік өнімдері – сусындар (141 млн АҚШ доллары), ұннан жасалған кондитерлік өнімдер (134 млн АҚШ доллары), қант (119 млн доллар), шоколад (109 млн доллар) және құс еті (104 млн АҚШ доллары) болды. Импорттық азық-түлік өнімдерінің негізгі жеткізушісі – Ресей. Ол жақтан шетелдік азық-түлік өнімдерінің жартысы импортталды. Басқа импорттаушы елдердің ішінде Өзбекстанның үлесі 7,4%, Беларусь пен Қытайдың үлесі, сәйкесінше, 5% және 4,9% алады. Ал Азық-түлікке жатпайтын тауарлар, негізінен Ресейден (30,1%) және Қытайдан (28,3%) импортталады. Оларды жеткізушілер бестігіне ЕО елдері (14,2%), Түркия (5%) және Өзбекстан (4,8%) кіреді [7].

- Үшіншіден, жұмыссыздықтың санының қысқарған жағдайда да инфляцияның өсіп кету себебі жұмысбастылардың жалақысының өсуіне және азғантай топтың табысының айтарлықтай жоғары болуына байланысты. Зерттеу бойынша қазіргі таңдағы қазақстандықтардың орташа айлық жалақысы 14,3% өсіп, 233,1 мың теңгеге жетті. Жалпы өңірлер бойынша орташа айлық жалақының ең көп мөлшері Атырау облысына тиесілі: 377,4 мың теңге. Орташа айлық жалақы мөлшері бойынша ТОП-3 өңірдің қатарына Нұр-Сұлтан(349,6 мың теңге) және Маңғыстау облысы (337,7 мың теңге) кірді. Ең төменгі орташа айлық жалақыны Түркістан (166,7 мың тг), Жамбыл (168,8 мың тг) және Солтүстік Қазақстан (168,9 мың тг) облыстарының тұрғындары алады.Әр түрлі қызмет саласында жұмыс істейтін қызметкерлер арасында жалақының айтарлықтай айырмашылықтары айқын байқалады. Мысалы, орташа айлық жалақының ең жоғары шамасы тау-кен өндіру өнеркәсібінде (472,3 мың теңге), сондай-ақ қаржы және сақтандыру қызметі саласында (422,6 мың теңге) белгіленген. Ал ең төменгі орташа айлық жалақы сумен жабдықтау саласында (145,7 мың теңге) және ауыл шаруашылығында (147,7 мың теңге) тіркелді. Білім беру саласында орташа айлық жалақы 176,5 мың теңгені (ел бойынша орташа көрсеткіштен 24,3% - ға төмен), Денсаулық сақтау саласында - 197,4 мың теңгені (ел бойынша орташа көрсеткіштен 15,3% - ға төмен) құрады. Еліміздегі ең төменгі жалақы осы салалардағы орташа айлық жалақы [8].

- Төртіншіден, шет елден келген инвестициялардың көлемінің өсуі болғанымен, бірақ оның нақты экономикаға бағытталмауы. 2021 жылғы мәліметтер бойынша ең көп тартылған инвестициялар көлемі Нидерландыға тиесілі (29,6%). Екінші орында АҚШ (18,8%), одан әрі Швейцария, Ресей Федерациясы,Ұлыбритания иеленді.Тартылған инвестициялардың 50%-дан астамы тау-кен өнеркәсібіне тиесілі. Бірақ осы тартылып жатқан инвестициялардың барлығы дерлік 100% игеріліп жатқан жоқ. Инвестиция деп аталатынның барлығы экономиканың нақты секторы мен азаматтардың әл-ауқатына әрқашан пайда әкеле бермейді. Қазіргі жобаларды іске асыруға арналған ұзақ мерзімді кредиттер тек қазіргі ғана емес, болашақ ұрпақтың мойнына түседі. Сонымен бірге шетелдік кәсіпорындардың біздің елге қатысты басқа да ниеттері бар екенін түсіну қажет. Инвестициялар үшін дағдарыс пен бәсекелестіктің күшеюі жағдайында Қазақстанның алдында экономиканы жедел әртараптандыру (диверсификациялау) міндеті тұр, өйткені алынатын биржалық тауарлар өндірісіне тәуелді елдердің бәсекеге қабілеттілігі азая түсуде.

Қорыта айтқанда дүниенің жаһандануы мен экономиканың интеграциясы қоғамдық қатынастарға айтарлықтай өзгерістер енгізіп отыр. Және бұл экономикалық теорияның да өзгеруін, бүгінгі экономикалық қатынастарды, экономикалық заңдарды ғылыми тұрғыдан талдап отыруды қажет етіп отыр. Сондықтан да қазіргі кездегі теориялар Филлипс теориясы сияқты болашақта өз қолданысын таба алмауы мүмкін.

1. <https://economica.kz/phillips/>
2. [https://studme.org/263151/ekonomika/kritika\\_lukasa](https://studme.org/263151/ekonomika/kritika_lukasa)
3. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31372568%20-%20pos=28;-6&pos=29;15#pos=29;15](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31372568%20-%20pos=28;-6&pos=29;15#pos=29;15)
4. <https://kaz.orda.kz/jekonomist-ma-sat-haly-infljacija-men-e-t-mengi-zhala-y-turaly-ajtty/>
5. <https://www.statbureau.org/ru/kazakhstan/inflation-tables>
6. <https://stat.gov.kz/>
7. <https://egemen.kz/article/296614-tutynu-tauarlary-importtynh-negizgi-drayverine-aynaldy>
8. <https://stan.kz/kazakstanda-en-az-zhalaki-alatin-sala-mamandari-bilgili-342934/>